

**Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ бойынша
Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс V отырысының хаттамасы**

Бауырластар ауылы

«28» тамыз 2024 ж.

Қаралатын мәселе:

1. Жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы
2. Шалғай елді-мекендерде тұратын оқушыларды тасымалдаумен қамтамасыз ету
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» туралы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагогтар

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінің директоры З.Б.Қалыбаева жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы түсіндіріп өтті.

Биылғы жаңа оқу жылындағы басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар және заңдармен таныстырып өтті.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген жаңа оқу жылындағы енгізілген өзгерістерге тоқталды. Сабақ ұзақтығы 45 минуттан болатындығын жеткізді.

«Биылғы оқу жылында Бауырластар 3, 5 елді мекендеріне көшіп келуші тұрғындардың көбеюіне байланысты мектептегі оқушы саны да артып отыр, яғни қосымша сыныптардың жасақталуы қажеттілігі туындауда. Сол үшін мектепте сынып бөлмелерін дайындау туралы, бос лабораториялық кабинеттерді сыныпқа жабдықтап беру туралы ұсынысымды айтқым келіп отыр. Бірақ бұл жерде бөлмелердің көлемі кішкентай болғандықтан бұл сыныптарда оқушы саны 24-26 оқушыдан аспау керек. Одан артық бала кабинеттерге сыймайды. Және де бұл нормативтер мемлекеттік стандартта сай келеді. Жалпы алғанда, биылғы оқу жылына 70 сынып комплектісімен 1758 оқушымен бастағалы отырмыз. МАД тобының тәрбиеленушілеріне 1 кабинетті жабдықтап береміз, жылжымалы кестемен 4 топта 90 тәрбиеленуші білім алады. Және тағы бір айта кететін жайт, мектепке жаңа педагогтарды қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына (2022 жылғы 22 желтоқсандағы №513 бұйрық) талаптарына сәйкес жүргізіледі. Яғни барлық педагог конкурстық негізде қабылданатындығын және биылғы жылғы педагогтарды қабылдау ҰБДҚ АЖ «Педагогты жұмысқа қабылдау» платформасымен жұмыс істеу үшін Google Chrome 84.x және одан жоғары іске қосу қажет және мекен-жай жолында «Педагогты жұмысқа қабылдау» платформасының серверіне қосылу мекен-жайын <https://hr-nobd.iac.kz/> көрсету керек, ҰБДҚ АЖ арқылы өту арқылы жүзеге асырылатындығын айтты. Жалпы жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.У.Кусайнова 2024-2025 оқу жылында шалғай елді-мекендерде тұратын оқушыларды тасымалдаумен қамтамасыз ету туралы айтып өтті.

Биылғы 2024-2025 оқу жылында тасымалданатын бала санының өсуіне байланысты тасымалдау бағытына Бауырластар 5 аялдамасы қосылып отыр. Жалпы тасымалданатын бала саны 500-ге жетіп отыр. Тасымалдау қызметі үшін төрт автобус жеке кәсіпкер ИП «Тлеуғали» жалға (арендаға) алынып, келісімшартқа отырды. Бес автобус 2 ауысымда 5 рейстен балаларды тасымалдайды.

Автобус 2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының бекіту туралы №349 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, жеке орын беріле отырып жүзеге асырылуда.

Әрбір автобуста 1 жүргізушіден яғни 5 автобуста 5 жүргізуші қызмет атқарады. Тасымалдау кезіндегі оқушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігіне жауапты мамандар бекітіледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Касымова сөз алды. Ата-ана мен мектептің қарым-қатынасы – ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастық пен мектептің бірлескен әрекетінде. Мұғалім мен ата-ананың қарым-қатынасында негізгі рөлді педагог атқарады, өйткені тәрбие жұмысы – оның негізгі мамандығы.

Мұғалім ата-аналармен жұмыс істей жүріп, балаға, оның қылықтарына, оқудағы табыстары мен көзқарасына, тағы басқаларға баға беріп отырады. «Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» атты білім қызметкерлерінің тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру ұйымдарында «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» білім берудің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатқанын атап өткен болатын. Министрлік оқушылармен, ата-аналармен және қоғаммен идеологиялық жұмысты жандандыруға бағытталған 2023-2025 жылдарға арналған Бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірледі. Мектебімізде еліміздің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген саясаты көрініс тапқан «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілгендігін жеткізді. Осы бағдарлама аясында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды. Оның басты мақсаты – балаларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты күшейту, позитивті ата-ана мәдениетін дамыту. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді ұйымдастыру, бақытты және табысты балаларды тәрбиелеу бойынша ата-аналардың құзыреттерін дамыту, позитивті ата-ана мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күш-жігерін біріктіру мақсат етілген.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында мектеп оқушылары, ата-аналары мен ұстаздардың катысуымен түрлі бағытта жобалар жүзеге асырылып тұратындығын айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



Шарипова Ф.Н

Хатшы:



Кусайнова Л.У

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Тулегенова Сабила Жұмабековна- Кеңес мүшесі
2. Ибраимов Нартай Ибрайымович- Кеңес мүшесі
3. Байжанов Жарылқасын -Кеңес мүшесі
4. Ахметов Азат Нурболатович- Кеңес мүшесі
5. Кемерова Жансауле Ныгметуллаевна- Кеңес мүшесі
6. Жанабаева Гүлдерай - Кеңес мүшесі
7. Сабырова Ғазиза- Кеңес мүшесі
8. Сибыршина Айсұлу- Кеңес мүшесі
9. Қалдыбаев Ааманжол- Кеңес мүшесі
10. Абишева Гаухар- Кеңес мүшесі.
11. Есенгельдиева Асел Балибековна- Кеңес мүшесі
12. Мырзабаева Дана- Кеңес мүшесі
13. Нашен Айжарқын- Кеңес мүшесі
14. Сагиева Камила Оразбаевна- Кеңес мүшесі
15. Нұрғалиева Гүлжахан- Кеңес мүшесі
16. Ертай Дильназ Есболқызы- Кеңес мүшесі

